ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 30 қаңтар № 4360-26-00-2/32 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Бакдәулет» атауымен әрекет етуші Райкүл Ақисқызы Көшекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Бакдәулет» атауымен әрекет етуші Райкүл Ақисқызы Көшекованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Бакдәулет» атауымен әрекет етуші Райкүл Ақисқызы Көшекова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Бакдәулет» атауымен әрекет етуші Райкүл Ақисқызы Көшековадан мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 256 (екі жүз елу алты) теңге және 1 974 (бір мың тоғыз жүз жетпіс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Көшірмесі дұрыс
Төраға **Б.Елшібеков**

Анықтама
Шешім заңды күшіне 13.03.2026 жылы енді.

Төраға **Б.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 30.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 13.03.2026, судья Елшібеков Б. Е., 13.03.2026